

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 2 (88), 2024

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 2 (88)

Алматы, 2024

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№2 (88), 2024 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол.ғ.д., проф. Абишева С.Д.

Бас редактордың орынбасары:
филол.ғ.д., проф. Есенова К.У.

Ғылыми редактор:
PhD, қауымд. проф. м.а. Сабинова Д.А.

Редакциялық алқа:
филол.ғ.к., қауымд. проф. Жиренов С.А.
филол.ғ.к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.
филол.ғ.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Джолдасбекова Б.У.
пед.ғ.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ

Салханова Ж.Х.
филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ
Кийнова Ж.К.
PhD, қауымд. проф. м.а., Т. Жүргенов ат.
Қазақ ұлттық өнер академиясы

Жалалова А.М.
филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай мемлекеттік университеті

Алексеев П.В. (Ресей)
филол.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті
Бахтикереева У.М. (Ресей)
филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур университеті
Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Джордж Вашингтон университеті
Роллберг П. (АҚШ)
PhD, проф., Орталық Ланкашир университеті
Табачникова О.М. (Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

Техникалық хатшы:
филол.ғ.к., қауымд. проф. Османова З.Ж.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2024
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109-Ж

Басуға 25.06.2024 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 16,25 е.б.т.
Тапсырыс 316.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

Алексеев П.В., Попов А.В., Орехова Т.И. Алтай в лексиконах XVIII-XIX века: топонимия сибирского фронта..... 5

Алексеев П.В., Попов А.В., Орехова Т.И. Алтай XVIII-XIX ғасырдық лексиконьнда: Сібірдің фронтірінің топонимиясы

Alekseev P.V., Popov A.V., Orekhova T.I. Altay in the lexicons of the 18-19 th century: topography of the siberian frontier

Жиренов С.А., Кульманова З.Б., Кенжебаева У.Е. Лингвомәдени кеңістегі “Қарыз бен парыз” концептілерінің вербалданулы..... 16

Жиренов С.А., Кульманова З.Б., Кенжебаева У.Е. Вербализация концептов “Долг и обязанность” в лингвокультурном пространстве

Zhirenov S., Kulmanova Z., Kenzhebayeva U. Verblization of the concert of “duty and obligation” in the linguistic and cultural space

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

Абишева С.Д. М.Мақатаев поэзиясындағы өмірдің қасіреті мен үйлесімі..... 26

Абишева С.Д. Трагизм и гармония бытия в поэзии М.Мақатаева.

Abisheva S. Tragedy and harmony of being in M.Makatayev’s poetry

Ананьева С.В. Устремленные к новым просторам и преодолевающие границы: П.Васильев, Н.Титов..... 35

Ананьева С.В. Жаңа кеңістіктерге және шекараларды асу: П.Васильев, Н.Титов

Ananyeva S. Towards new spaces and overcoming borders: P.Vasiliev, N.Titov

Джумагалиева У.З. Романы-эссе В.Михайлова о русских поэтах..... 40

Джумагалиева У.З. В.Михайловтың орыс ақын-дары туралы роман-эсселері

Dzhumagalieva U. V.Mikhailov’s novels-essays about russian poets

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК
Серия «Филологические науки»
№2 (88), 2024 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора
д.филол.н., проф. Есенова К.У.

Научный редактор
PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Редакционная коллегия:
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.
к.филол.н., ассоц. проф. Сатемирова Д.А.
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби
Джолдасбекова Б.У.

д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби
Салханова Ж.Х.

д.филол.н., проф., КазНацЖенПУ
Кнынова Ж.К.

PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени
Т.Жургенова Жалалова А.М.

д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский
государственный университет

Алексеев П.В. (Россия)

д.филол.н., проф., РУДН

Бахтикерева У.М. (Россия)

д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский
университет Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Университет Джорджа
Вашигтона Роллберг П. (США)

PhD, проф., Университет Центрального
Ланкашира Табачникова О.М.
(Великобритания)

Ответственный секретарь:

PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:

к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2024

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 25.06.2024.
Формат 60x84 1/8. Объем 16,25 уч-изд.л.
Заказ 316.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Пашков А.В. Пушкинская тема в романе Мухтара Ауэзова «Путь Абая»..... 44

Пашков А.В. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Пушкин тақырыптары

Pashkov A. Pushkin theme in Mukhtar Auevov's novel «Abay's path»

Смайлова Ж.А. О рецептивной интермедальности в повести А.С. Пушкина «Пиковая дама» 47

Смайлова Ж.А. А.С. Пушкиннің «Пиковая дама» повестіндегі рецептивті интермедиялдық туралы

Smailova Zh. Receptive intermediality in "The queen of spades" by A.S. Pushkin

Темиртон Г.Т., Ержанова Ф.М. Семантическая роль музыкальной культуры в казахском менталитете (на материале казахского фольклора)..... 58

Темиртон Г.Т., Ержанова Ф.М. Қазақ менталитетіндегі музыкалық мәдениеттің семантикалық рөлі (қазақ фольклоры негізінде)

Temirton G., Yerzhanova F. The semantic role of music culture in the kazakh mentality (on the basis of the kazakh folkore)

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Асылбекова М.С. Использование сервиса Nearpod на уроках литературы в школе..... 71

Асылбекова М.С. Мектептегі әдебиет сабақтарында Nearpod қызметін пайдалану

Assylbekova M. Using the Nearpod service in literature lessons at school

Ермекбаева Г.С. Организация групповой работы студентов-иностранцев на занятиях по русскому языку в медицинском ВУЗе..... 78

Ермекбаева Г.С. Медицина университетіндегі шетелдік студенттердің орыс тілі сабақтарында топтық жұмысын ұйымдастыру

Yermekbayeva G. Organization of group work of foreign students in Russian language classes at medical university

Ибраева Ж.Б., Каримова Б.Т. Создание вторичных текстов на уроках гуманитарного цикла..... 85

Ибраева Ж.Б., Каримова Б.Т. Гуманитарлық пәндер сабақтарында қосалқы мәтіндер құру

Ibrayeva Zh., Karimova B. Creation of secondary texts in the lessons of the humanitarian cycle

**Abai Kazakh National
Pedagogical University
BULLETIN**

Chief Editor

*Doctor of Philology Sciences, Professor
Abisheva S.*

Deputy Chief Editor

*Doctor of Philology Sciences, Professor
Essenova K.*

Scientific Editor

PhD, Associate Professor Sabirova D.

Editorial team

*Candidate of Philology Sciences, Associate
Professor Zhirenov S.*

*Candidate of Philology Science, Associate Pro-
fessor Satemirova D.*

*Doctor of Philology Sciences, Professor, Al-
Farabi Kazakh National University*

Dzholdasbekova B.

*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Al-
Farabi Kazakh National University*

Salkhanova Zh.

*Doctor of Philology Sciences, Professor, Ka-
zakh National Women's Teacher Training Uni-
versity Kiyнова Zh.*

*PhD, Associate Professor, T. Zhurgenov Ka-
zakh National Academy of Arts*

Zhalalova A.

*Doctor of Philology Sciences, Professor, RUDN
Bakhtikireeva U. (Russia)*

*Doctor of Philology Sciences, Associate Profes-
sor, Gorno-Altaysk State University*

Alekseyev P. (Russia)

*Doctor of Philology Sciences, Professor, Uni-
versity of Warmia and Mazury*

Kiklewicz A. (Poland)

*PhD, Professor, George Washington
University Rollberg P. (USA)*

*PhD, Professor, University of Central Lanca-
shire Tabachnikova O. (The United Kingdom)*

Executive Secretary

PhD, Associate professor Serikova S.

Technical Secretary

*Candidate of Philology Science, Associate pro-
fessor Osmanova Z.*

©Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2024
y of Culture and Information of the Republic of
Kazakhstan

8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 25.05.2024

Format 60x84 1/8. Volume 16,25
teaching and publishing lists.
Order 316.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

Knol M., Shalbayeva D., Tynbayeva G. The methodology of preventing interference in teaching English in the context of trilingual education in schools of Kazakhstan..... 95

Кноль М.В., Шалбаева Д.Х., Тынбаева Г.С. Қазақстан мектептерінде үш тілді беру жағдайында ағылшын тілін оқыту кезінде тіларалық интерференцияның алдын алу әдістемесі

Кноль М.В., Шалбаева Д.Х., Тынбаева Г.С. Методика предупреждения межъязыковой интерференции при обучении английскому языку в условиях трехязычного образования в школах Казахстана

Каранова А., Beybitova A., Isainova A. The theoretical peculiarities of dialogic approach in foreign language learning and communicative competence..... 106

Қапанова А.Қ., Бейбітова А.С., Исайнова А.А. Диалогиялық тәсілдердің теориялық ерекшеліктері, оның шет тілдерін оқытудағы мәні және коммуникативтік құзіреттілік

Қапанова А.Қ., Бейбітова А.С., Исайнова А.А. Теоретические особенности диалогического подхода, его особенность в обучении иностранному языку и коммуникативной компетенции

**ЖУРНАЛИСТИКА
ЖУРНАЛИСТИКА
JOURNALISM**

Адиширинов К.Ф. История становления и развития периодической печати города Шеки (Азербайджан)..... 113

Адиширинов К.Ф. Мезгилдің қалыптасу және даму тарихы Шеки қаласының мэрлері (Әзірбайжан)

Adishirinov K. The history of the formation and development of periodicals seals of the city of Sheki (Azerbaijan)

16. *Natsional'naya identichnost' v zerkale toponimii (Gornyy Altay): Monografiya / P. V. Alekseev, K. B. Samtakova, T. P. Shastina [i dr.]*. – Gorno-Altaysk: Gorno-Altayskiy gosudarstvennyy universitet, 2016. – 150 s.

17. *Vorob'eva I.A. Yazyk zemli*. – Novosibirsk: Zapadno-Sibirskoe knizhnoe izdatel'stvo, 1973. – 152 s.

18. *Orekhova T.I., Popov A.V. Leksikony Rossiyskoy imperii XVIII veka kak pervye istochniki kodifikatsii toponimiki Altaya // Istoriya i kul'tura narodov Yugo-Zapadnoy Sibiri i sopredel'nykh regionov: materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii (16-18 sentyabrya 2019 g.)*. – Pod red. F.I. Kulikova. – Gorno-Altaysk: Bibliotechno-izdatel'skiy tsentr Gorno-Altayskogo gosudarstvennogo universiteta, 2019. – S. 126-139.

19. *Orekhova T.I., Popov A.V. Otrazhenie toponimicheskogo prostranstva Altaya v geograficheskikh slovaryakh XVIII veka // Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya*. – 2019. – #2 (75). – S. 414-416.

ҒТАМР 16.01.07

10.51889/2959-5657.2024.88.2.002

ЛИНГВОМӘДЕНИ КЕҢІСТІКТЕГІ «ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ВЕРБАЛДАНУЫ

Жиренов С.А.^{1*}, Кульманова З.Б.², Кенжебаева У.Е.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

²Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы,

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: family-jan@mail.ru

Аңдатпа

Әр ұлттың, әр этностың, әр қоғамның алуандылығына қарамастан олар бірегей ерекше, ғаламды құнды, құндылықтардың асылы. Қарыз/Парыз концептісі арқылы ұлттың ғаламдық бейнесін, этностық қағидаларын, этностың көнеден сақталған өмір сүру тәртібін, өмірдің мәніне деген көзқарасын, ұлттық мінез-құлықты, тәрбиені, стереотипті, ұлттық когнитивтік жүйені анықтауға болады. Этнолингвистиканың түпкі мазмұнында ұлттық мәдениет, этностық ерекшелік, ұлттық тілдің онтологиясы, ғаламдағы ұлттардың алуандылығы, ерекшелігі жатыр. Тілдік қарым-қатынаста әр ұлттың өзіне тән этномәдениеті пен этнопсихологиялық ерекшелігі байқалады, сонымен қатар, өзара ұқсас элементтері де көрініс табады. Осыған байланысты ғалымдардың пікірлерін салыстыра келе тілдегі мәдениет ұлттың тарихына негізделеді деп тұжырымдай аламыз. Оған бір мысал келтірсек, жершарындағы халықаралық қатынас тілі – ағылшын тілі болып саналады. Тіпті, біршама батыс пен шығыс мемлекеттерінде ағылшын тілі түп негізгі тіл, қала берді мемлекеттік тіл, ұлттық тіл болып саналады. Алайда, әр елдің ағылшын тілінде әр түрлі кодталған мәдениет бар, бір ағылшын тілінде батыс пен шығыс болмысы бар, араласқан болмыс та бар. Әдістеме бөлімінде бірнеше ұлттардың тіліндегі «қарыз бен парыз» концептісін талдауға тырыстық. Олардың өзара ерекшеліктері мен құндылықтары да анықталды. Ғаламның мәдени көрінісі жеке бір ұлттың аксиологиясы төңірегінде қаралмайды, керісінше жершарында қанша ұлт болса, солардың әр қайсысының ерекшелігі мен ұқсастықтарын қарау арқылы ортақ «қарыз бен парыз» құндылығының семантикасын табу, барлық ұлтқа тең адамзаттық аксиологияны айқындау арқылы ғаламның мәдени ахуалын анықтауға болады. Осы мақалада сәл де болса, адамзатқа ортақ парыздық/қарыздық қағидаларды қозғай алдық деп ойлаймыз.

Кілт сөздер: қарыз, парыз, лингвомәдениет, концепт, этнолингвистика.

ВЕРБАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПТОВ «ДОЛГ И ОБЯЗАННОСТЬ» В ЛИНГВОКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Жиринов С.А.^{1*}, Кульманова З.Б.², Кенжебаева У.Е.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

²Казахская национальная консерватория имени Курмангазы,

г. Алматы, Казахстан

e-mail: family-jan@mail.ru

Аннотация

Несмотря на многообразие каждой нации, каждого этноса, каждого общества, они являются уникальными, общечеловеческими ценностями. Через концепт долг/обязанность можно определить картину мира нации, этнические ценности, сохранившийся с древних времен этнический образ жизни, отношение к смыслу жизни, национальное поведение, воспитание, стереотипы, культуру. Конечным содержанием этнолингвистики являются национальная культура, этническая идентичность, онтология национального языка, многообразие и своеобразие наций в мире. В языковом общении прослеживаются этнокультурные и этнопсихологические особенности каждого народа, а также отражаются сходные элементы. В связи с этим, сопоставляя мнения ученых, можно сделать вывод, что культура языка опирается на историю нации. Например, английский язык считается языком международного языка. На самом деле в некоторых западных и восточных странах английский язык считается основным языком, государственным языком и национальным языком. Однако английский язык каждой страны имеет разную закодированную культуру, и один и тот же английский имеет западную и восточную идентичность, а также смешанную идентичность. В методическом разделе мы попытались проанализировать концепт «долг и обязанность» в языке нескольких народов. Также были определены их взаимные характеристики и значения. Культурный взгляд на вселенную не рассматривается исходя из аксиологии отдельной нации, напротив, можно определить культурную ситуацию во вселенной, глядя на то, сколько наций существует на планете, глядя на характеристики и сходства каждого из них, находя семантику концепта «долг и обязанность», определяя единую для всех народов аксиологию. Мы думаем, что в этой статье нам удалось коснуться общечеловеческих принципов долга/ обязанности.

Ключевые слова: долг, обязанность, лингвокультурология, концепт, этнолингвистика.

VERBALIZATION OF THE CONCEPT OF “DUTY AND OBLIGATION” IN THE LINGUISTIC AND CULTURAL SPACE

Zhirenov S.A.^{1*}, Kulmanova Z.B.², Kenzhebayeva U.E.¹

¹Kazakh national pedagogical university named after Abay,

²Kazakh national conservatory named after Kurmangazy,

Almaty, Kazakhstan

e-mail: family-jan@mail.ru

Abstract

Despite the diversity of every nation, every ethnic group, every society, they have unique, common values. Through the concept of duty/duty, one can define the picture of the world of the nation, ethnic values, the ethnic way of life preserved from ancient times, attitude to the meaning of life, national behavior, upbringing, stereotypes, culture. The final content of ethnolinguistics is the

national culture, ethnic identity, the ontology of the national language, the diversity and uniqueness of the picture of the world. The linguistic community traces the ethnocultural and ethnopsychological characteristics of each nation, and also reflects similar elements. In this regard, comparing the opinions of scientists, we can conclude that the culture of the language is based on the history of the people. For example, English is considered an international language. In fact, in some Western and Eastern countries, English is considered the main language, state language and national language. However, each country's English has a different coded culture, and the same English has Western and Eastern identities as well as mixed identities. In the methodological section, we tried to analyze the concept of "duty and obligation" in the language of several peoples. Their mutual characteristics and values were also determined. The cultural view of the universe is not considered on the basis of the axiology of a separate nation, on the contrary, it is possible to determine the cultural situation in the universe, looking at how many peoples exist on the planet, looking at the characteristics and similarities of each of them, finding the semantic concept of "duty and obligation", defining a single axiology for all peoples. It seems to us that in this article we have succeeded in touching upon the universal principles of duty/duty.

Keywords: duty, debt, linguoculturology, concept, ethnolinguistics.

Кіріспе. Бүкіл ғаламдағы құндылықтардың асылы – Адам. Адам – ғаламның айнасы. Бір адамның бойына тән қасиет – ғаламның қасиеті. Адам еш уақытта жеке дара тіршілік иесі болмаған, керісінше, белгілі бір топқа, қоғамға, этносқа, ұлтқа тәуелді өмір сүрген. Сол себепті, бір адамның бойынан көрген қасиеттерді сол ұлтқа, жерге балап жатамыз. Бұл дегеніміз, дүниеге жаңа келген сәбидің адам болып дамуына, тұлға болып қалыптасуына әсер ететін факторлар өте көп және олардың бәрі ұлттықмәдени (этномәдени) контексті (кеңістік) төңірегінде өрбиді. Адамзаттық құндылық та осы шығар. Әр ұлттың, әр этностың, әр қоғамның алуандылығына қарамастан олар бірегей ерекше, ғаламды құнды, құндылықтардың асылы. Себебі, әр ұлт өз ерекшелігімен, өз құндылығымен өзара бірлесе келе бүтін бір ғаламды қалыптастырады. Тіпті, ұлттар бір-бірімен өзара тілдесуде мәдениқатысымдылық қиындықтарға ұшыраса да, олар ортақ ғаламдық заңдылықтарды, адамзатқа ортақ парыз бен қарызды ұстануы арқылы тепеңдікті сақтай алады. Антропоэлектік парадигма аясында қазіргі ғылымдар жеке дара адамның болмысын анықтау арқылы бүтін бір ұлттың бейнесін қалыптастырады. Ал, әр түрлі ұлттардың өзара мәдени ерекшеліктерін зерттеуі арқылы бүтін бір ғаламшардың болмысын «Лего» конструкциясы іспеттес құрастырады.

Адам санасының ғаламды қабылдауы мен ғаламдасуының негізгі құралы – Тіл. Тіл арқылы ұлт болмысының мазмұны мен мәнін, кодын анықтауға болады. Ал ұлттық болмыс кодынның кілті – лингвомәдени қалыпқа салынған тілдік бірліктердегің сырын анықтай білу болып табылады. Қазіргі уақытта тіл білімінде концепт арқылы әр ұлттың этнолингвомәдени кодын ашу және оларды өзара салыстыру мен салғастыру өзекті болып табылады. Лингвомәдени концепттің астарында әр ұлттың өткені, бүгіні мен болашағы жатыр. Әр ұлттың өз құндылығына қадірмен қарауының ар жағында бүкіл адамзаттың абыройы, қала берді ғаламдық аксиологияның мәні көрінеді.

Тіл – тек коммуникативтік құрал ғана емес. Ол тек таза тілдік бірліктерден ғана тұрмайды. Тіл ішінара қалыптасқан қазыналы рухани-мәдени құндылықтардан тұрады. «Білімнің бұл түрі – этностың (халық, ұлт) өмір тәжірибесінен ғасырлар бойы жинақталған, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан этнос санасындағы дәстүрлі дүниетанымы. Бұл білім тілдік емес деп аталғанымен, ол ұжымдық санада тіл арқылы сақталған. Лингвомәдениеттанушы бұл жерде тілді емес, тілдік дерек арқылы сақталған ақпаратты пайдаланады. Демек, ұлт болмысын тұтас тануда лексика-фразеологиялық бірліктердің лингвистикалық сипатын ашатын жалаң тілдік білім жеткіліксіз болып, олардың мағынасындағы мәдени танымды ашудың маңызы артады» [1].

Әр халықтың дүниетанымы мен дүниеге деген көзқарасының негізінде ұлттық стереотиптер, мәдени символдар, когнитивтік құрылымдар, діни танымдар жатыр. Әр халықтың дүниетанымы ерекшелігі сол ұлттың санасын, жеке этностық құндылығын көрсетеді. Ал, тіл – жеке тұлғаның болсын, бүтін бір ұлттың болсын этнолингвомәдени санасын тасымалдаушысы болып табылады. Осы заңды тізбек арқылы біз мақаламызда тілдік құралдар қорында көрінетін мәдени тілдік бірліктер мен жұмсалымдарды, яғни лингвомәдени контекст арқылы ұлттарға тән жеке дара этнолингвомәдени ерекшеліктерді анықтауға талпынамыз.

Зерттеуімізге «Қарыз бен Парыз» концептісін негіз қылып алуымыздың себебі – «Қарыз/Парыз» концептісінің көп қырлылық ерекшелігі, әрі бұл концептте ұлттық құндылықтың қатысымдылығы болып табылады. Қарыз/Парыз концептісі арқылы ұлттың ғаламдық бейнесін, этностық қағидаларын, этностың көнеден сақталған өмір сүру тәртібін, өмірдің мәніне деген көзқарасын, ұлттық мінез-құлықты, тәрбиені, стереотипті, ұлттық когнитивтік жүйені анықтауға болады. Әр ұлттың лингвомәдени танымын зерттеу арқылы ғаламдық мәдениеттің модельін құрастыруға болады.

Материал және әдістер.

Зерттеуімізге «Қарыз бен Парыз» концептісін негізге алдық. Бұған бір себеп, қарыз/парыз концептісінде тілдің сыртқы факторы болып табылатын: әр ұлтқа тән өзіндік өмір сүру қағидалар, ұлттық болмыс, таным, ұлттық мәдениет айқын көрінеді. Екіншіден, бұл концептте тілдің ішкі құрылымы болып табылатын лексикалық бірліктердің қолданыс ерекшеліктері мен синонимдер жүйесін анықтауға мүмкіндік бар. Мәселен: орыс тілінде «Долг» сөзінің қолданыс аясы кең. Өз кезегінде, жағдаятқа байланысты материалдық қажеттілікті білдіріп: «*взятое взаимы*» (*преимуц. деньги*), «*взять в долг*» (*взаимы, с последующей отдачей*), «*наделать долгов*», «*войти, влезть в долги*» (*сделать много долгов*), «*жить в долг*» (*на занятые в долг деньги*), «*по уши в долгах*» (*очень много должен*). «*не выходит (не вылезает) из долгов*» деген тілдік бірліктерімен алыс-беріс, екі субъект арасындағы материалдық объектінің қолданысқа түсуі көрінеді. Ал, келесі жағдайда дәл сол «Долг» лексемасының біреудің алдында материалдық тұрғыда өтелмейтін, моральдық тұрғыда парыздар болуы, яғни «*обязанность*» семантикасында қолданылуы кездеседі. Мысалы: «*не остаться в долгу*», «*за ним имеется должок*», «*отдать последний долг природе*» (умереть), «Долг» сөзімен Құдайдың қасиеттілігін: «*Бог в долгу не останется*», «*За Богом должок не пропадет*» деген тілдік қолданыстар моральдық құндылықты, міндеттілікті анықтайды. Яғни, орыс тілінде моральдық та, материалдық та міндеттемелер бір лексема төңірегінде өрбиді, тілдік бірліктің семантикасын берілген контекст аясында, мәдени көрсеткіштер арқылы айқындауға болады. Дегенмен, зерттеу барысында орыс тілінде «Долг» концептісінің материалдық семантикасы басым екенін, моральдық ерекшелігі сирек, оның өзінде көркем әдебиетте кездесетінін байқадық. Ал, моральдық тұрғыдағы парыздық міндеттеме «*обязанность*» семантикасына жақын, бірақ ол «долг» сөзіне синоним бола алмайды. «*Обязанность*» рухани тұрғыда қаралмайды, ол амалдың жоғынан істелетін қоғамдық тәртіп, қызметтік міндеттеме, қарапайым күнделікті ереже ұғымына жақын.

Ағылшын тіліндегі ерекшелікке келсек, орыс тіліндегі «долг» сөзі екі нұсқада «**Debt**» (қарыз) және «**Duty**» (парыз) сөздерімен беріледі. «**Debt**» сөзі қазақ тіліндегі қарыз сөзіне балама бола тұра, өзі ішінде синонимдік қатары өте көп. Яғни қарыз сөзінің бірнеше варианты бар және олар жағдайға байланысты қолданысқа түседі. Мысалы: *on credit/trust* (*в долг, қарызға*) *мікелей аудармасы несиеге алу*; «*borrow*» (*братъ в долг, қарыз алу*); т.б. Сонымен қатар «**Debt**» сөзіне синонимдік қатар құра алатын: *owe, be indebted, burden, credit* т.б. қарыз лексемасының лексикалық қоры мол. Көріп отырғанымыздай, ағылшын тілінде де қарыз концептісі моральдыққа да, материалдыққа да ие, алайда терең рухани құндылығы жоқ. Со-

нымен қатар, жалғыз қарыз концептісінің 10-нан астам лексемалық варианттары (синонимдері) бар.

Ал, «*Duty*» сөзі қазақ тілінде парыз сөзіне жақын. Алайда, өзіндік мәдени тілдік ерекшелігі бар. Осы «*Duty*» концептісіне қатысты Л.Ю. Мирзоеваның айтуы бойынша: «**DUTY - ДОЛГ**

1) (обязанность) «*duty*» воинский долг — soldier's duty; по долгу службы — in the performance of one's official duty; долг велит — duty calls;

2) (почтение, уважение, повиновение) Many kisses from all children, and William's respectful duty — Дети тебя много раз целуют, и ещё тебе почтительный поклон от Уильяма; Синоним: homage, respect, submission;

3) (общественные порядки) налог, пошлина, гербовый сбор. customs duties — таможенные пошлины; import duties — импортные пошлины; death duties — налог на наследство;

4) (чувства) sense of duty — чувство долга; to do smth. out of a sense of duty — делать что-л. из чувства долга; to do one's duty — исполнять свой долг; civic duty — гражданский долг; moral duty — моральный долг; patriotic duties — долг перед родиной;. Syn: obligation;

5) (служебные обязанности, дежурство) official duties — служебные обязанности; professional duties — профессиональные обязанности; painful duty — неприятная обязанность; supervisory duties — обязанности руководителя; duty officer — дежурный офицер to do / carry out / discharge / perform one's duties — выполнять свои обязанности; to shirk one's duties — уклоняться от выполнения своих обязанностей; to take up one's duties — приступить к своим обязанностям; to report for duty — явиться на службу; прибыть для прохождения службы; on duty — на дежурстве; при исполнении служебных обязанностей; doctor on duty — дежурный врач; off duty — не на дежурстве; в свободное от работы время; duty journey — служебная поездка, командировка;

6) (церковная) служба He did Sunday duty in a neighbouring parish. — Он проводил воскресную службу в соседнем приходе.

7) (работа, производительность, режим машины); мощность duty of water — гидромодуль» [2, 12]. Көріп отырғанымыздай, «*Duty*» концептісі қызмет (служба), кезек (дежурство), бос уақыт (свободное время), міндет (обязанность), кезекші (дежурный), парыз (долг), салық (налог), сыйласымдылық (уважение), құрмет (почтение), тәртіп (порядок) семантикаларында жұмсалады. Қазіргі заманғы ағылшын тілінің халықаралық тіл болып қалыптасуы мен өзге ұлттар арасында тез қабылданып, тілдеріне жатық болып кетуінің бірден бір себебі оның лексикалық қабатының жеңілдігі мен семантикасының икемділігінде. Сонымен қатар, грамматикасы математикалық формула іспеттес. Жұрнақ, жалғаусыз құрылған сөйлемде тілдік қордың ықшамдылығы нақты ойды тым қарапайым түрде беруге мүмкіндік жасайды. Ал, көркем әдеби стильдегі ағылшын тілін таза текті ағылшындықтар ғана болмаса, алғашқы тілі ағылшын тілі болып қалыптасқан американдықтар және т.б. ұлттар да түсіне бермесі анық. Яғни, таза ағылшындықтардың этнолингвомәдени ерекшелігі жоғары, тектік қан, «ханзада мен ханшайым» династиясы сақталған бірегей ұлт өз парызы мен қарызына жіті қарайды. Алайды жаһандану кезеңімен ағылшын тілінің тілге жеңіл қабаты әлемге таралып кетті, концептінің лингвомәдениеті әлемге икемделіп, батыстың икемді «микс» өркениетіне айналды. Нақты бір ұлтқа жатпайтын, «метис» және еркіндікке бойын еркін ұсынған американдықтардың мәдениетінен «қарыз бен парыз» концептісін жеңіл, еш мұқтажсыз, еркін түрде әр алуан қалыпта қабылдауын көруге болады. Осы себептен болу керек тарихта батыстық менталитет, батыстық мораль шығыс елдерінен айқұлақтанып тұрады.

Таза ағылшындықтардың ағылшын тілінде қарызға қатысты тұрақты тіркестер қызыл сөзі төңірегінде қалыптасқаны ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Оның астарында қызыл түстің – төнген қауіпті, ескертуді, күнәні, кедейлікті білдіруі жатыр екен. Таза ағылшын тілінің ерекшелігі бір сөздің астарында бір-біріне мүлде жақын емес бірнеше ұғымның жатқаны тілді үйренушілерге қиындық тудыруда. Мәселен, «in the red» – тура мағынасы қызылдың

ішінде деп аударылса, ауыспалы мағынасы «қарыздану, зиян шегу», ал дүниетаным тұрғысынан қызылдың ішінде қауіпте болу, өртте болу ассоциациясы келуінен қызыл сөзі қолданылады. “to be in the red” – тура мағынасы «қызылдың ішінде болу», ауыспалы түрде «шығын, зиянға тарту» етістігі ретінде қолданылады. “get into the red” – тура аудармасы қызылдың ішіне түсіп кету болса, ауыспалы мағынада «қарызға белшесінен бату»; «be/get out of the red» - тура мағынада қызылдан шығып кету болса, ауыспалы мағынада «қарызын қайтару, қарыздан құтылу», «red figure» сөзбе-сөз аудармасы қызыл сан, фигура немесе «red ink» – сөзбе-сөз аудармасы «қызыл сия, қызыл жазу» қоғамдағы ауыспалы мағынадағы қолданысы – «зиян шегу, шығын, қарыздану»; «red – ink entry», немесе «red balance» т.б. экономикалық жақтан қарыздануды білдіреді. «red cent» – тура мағынасы «ұсақ теңге», «бақыр» мағынасында жұмсалса, ауыспалы мағынада «сіңірі шыққан кедей» [3, 45] мағынада жұмсалады. Тіпті қызыл сөзіне қатысты қоғамдағы бай мен кедей деп бөлетін сөздерде «red lining» деп беріледі. Осы «red lining» деп Американың қазына органдары кедей, әлеуметтік жағдайы төмен аймақтарды қызыл шеңбермен бейнелейді, ондай аймақтарда тұратын жергілікті тұрғындарды қазына органдары несиеге алуға болатын тұрғын үймен қамтамасыз етпейді де, сондықтан олар тіпті де кедейліктің кебін кешеді.

Орыс тіліндегі «Долг» концептісі қазақ тілінде: «**Қарыз, Парыз, Борыш, Міндет**» лексемаларымен беріледі. Алғашқы екеуі «**Қарыз**» «قَرَضٌ» бен «**Парыз**» «*фарз*» (فَرَض) лексемалары араб тілінен тікелей енген, этнолингвомәдени семантикасы діни калоритке қанық сөздер. Сол себепті болар, шығыс менталитетінің өкілі болып табылатын қазақ халқының міндеттемелерінде діни ақпараттар мен рухани сезімдер басым. «Қарыз» концептісінің мәдени көрсеткіші материалдық алыс-беріс функциясында ғана емес, әрі терең ішкі «ар-ұждан», «ұят», «жауапкершілік» семантикасында да көрінеді [4, 34]. Халық аузында қарыздың салмағы туралы сөздер аз емес. Соның біріне тоқталып кетсек, «**Қарыз**» – от, ауыр жүк, байланған жіп, алушы мен беруші арасындағы тәуелділік, абыройға нұқсан келтіруші, берекені кетіруші, тыныштықты кетіруші, қайғыны келтіруші сияқты бір жағымсыз концепт. Қарызға қатысты халық аузында нақыл әңгіме қалыптасты:

- *Қарыз алған жақсы ма?* – деп сұрайды қарт жігіттен.

- *Ата, қарыз қайғы әкеледі,* - депті жігіт.

- *Дұрыс, балам, ақылың болса – қарыз алма. Есіңде болсын, ханнан қарыз алма – өтей алмасаң басың кетеді, байдан қарыз алма – малың кетеді, досыңнан қарыз алма – берекен кетеді, әйелден қарыз алма – өміріңді келеке етеді, қарттан қарыз алма – алғаның көрге бірге кетеді, көршіңнен қарыз алма – бала-шағаң жылаумен өтеді, қасыңнан қарыз алма – өтей алмасаң үйің кетеді. Қарыз алсаң - қайтаруын біл. Қарызды көп алған – қайғырумен күнін өткізеді. Қарыз – от, өшіре алмайсың,* - депті қарт. Қарыз концептісінің семантикасынан бүтін бір шығыс философиясын көруге болады. Қарызды өтей алмаған жағдайда абыройға нұқсан келуі, өмір бойына кететін сызаттың қалыптасуын «*Қарыз алу – отпен ойнағанмен тең*» десе, «*Қарыз – қайтаруымен қайырлы*» деп оның бір ғана дұрыс жолының бар екенін айтып, жауапкершілікті жүктейді. Қазақ халқының мәдениетінде ешкімге моральдық та, материалдық та қарыз болмау «құндылық» болып саналады. «*Берерің болса да аларың болмасын*» мақалында қарыз бере алсаң да, қарыз алатындай жағдайға түспеуді ескертеді. Қарызы жоқ адам – абыройлы, қадірлі, берекелі, сыйлы адам саналса, қарызы бар адам – бейшара, кедей, қадірсіз саналған. Халық «*Қара жерге қарыз арқалама*» деп қарыз алғаннан емес, қарызын қайтара алмай өлгеннен қорыққан. Себебі, Қарызын қайтармау – күнә, о дүниеде Құдайдың алдында жауап беру осы өмірдің рахатынан маңыздырақ.

